

Асхананы тексеру бракераждық комиссиясы

№1 хаттамасы

Өткізілген күні: «11» қыркүйек 2024 ж.

1.Күн тәртібі:

- мектеп асханасында мектеп оқушылары үшін ыстық тамақтың ұйымдастырылуын тексеру

Біз, мектеп директорының тәрбие ісі орынбасары А.Б.Мухаметжарова, әлеуметтік педагог А.Е.Кусайнова, медбике С.Исмагулова, қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Кожаметова, медбике С.С.Исмагулова бақылау комиссиясы білім алушылар үшін мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру бойынша тексеру жүргіздік.

Тексеру мақсаты: тағамдардың бекітілген ас мәзіріне сәйкестігі, порциялардың салмақ нормасына сәйкестігі, асхана қызметкерлері, педагогтар мен білім алушылар үшін гигиеналық талаптардың сақталуы.

Тексеру нәтижесінде: ұсынылған тағамдардың бекітілген мәзірге сәйкестігін анықтады, бөліктері салмақ нормасына сәйкес келеді, оқушылардың сауалнамасы бойынша, түскі ас балаларға ұнайды, тамақ жылы. Ұйымдастырылған ұжымдар үшін қызмет көрсететін және дайындайтын тамақтану объектілерінде арнайы киімдерді жуу мен дезинфекциялауды ұйымдастыру және жүргізу ХАССП қағидаттарына негізделген оны өндіру кезінде дайындаушының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі рәсімдерін сақтай отырып, орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Қол гигиенасы сақталады (жуу және дезинфекциялау (өңдеу): тамақ өнімдерімен жұмыс басталар алдында, санитарлық торапқа (дәретханаға) барғаннан кейін және өндірістік цехқа кірер алдында, сондай-ақ жұмыстағы әрбір үзілістен кейін және ластанған заттармен жанасқаннан кейін, ластанған жабдықпен және (немесе) пайдаланылған ыдыспен жұмыс істегеннен кейін, жөтелгеннен және түшкіргеннен кейін қолды сабынмен немесе қол жуғыш затпен жуады, антисептикалық құралдармен дезинфекциялайды

Асхана қызметкерлері асханада жұмыс істеу кезінде гигиеналық талаптарды сақтайды. (маскалар, қалпақтар)

Биылғы оқу жылында 1-4 сыныпта 181 оқушы тегін тамақтануда және жаппай біліммен қамту қорынан 54 оқушы тамақтанады.

Мектеп басшысының тәрбие ісі орынбасары  А.Б.Мухаметжарова

Әлеуметтік педагог  А.Е.Кусайнова

Медбике  С.Исмагулова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы  А.Кожаметова

Ата-аналар комитеті мүшесі  С.Шакирова